



ЭКОНОМИКАҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ

2018 ж. Қазан айы

Өткен айдаң негізгі үрдістері (ж/ж):

- Жылдық инфляция нысаналы дәліз шегінде қалыптасты (5,3%)
- Мұнайға әлемдік бағаның өсуі аясында өңдеуші өнеркәсіп пен көтерме саудадағы өсу қарқынының үдеуі байқалды
- Ауыл шаруашылығында мал шаруашылығының өсуі нәтижесінде оң динамикасы байқалуда
- Құрылыс саласындағы тіркелген динамика біртіндеп тұрақтануды баяндайды
- Инвестициялық белсенділік жоғары деңгейде сақталады

I. ИНФЛЯЦИЯ

2018 жылдың қазан айында айлық инфляция 0,4% құрады.

Азық-түлік тауарларының бағасы алдыңғы аймен салыстырғанда 0,3%-ға өсті. Қазан айында жеміс-жидек пен көкөніс бағасының төмендеуі жалғасты. Сонымен бірге қант, жұмыртқа және тауық ет бағасының өсуі сақталды. Бұл ретте, қант бағасының өсуі ішкі тауар ұсынысының қысқаруымен байланысты, ал жұмыртқа мен тауық етінің бағаларының өсуі өндірістің маусымдылығына байланысты.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 0,7% -ға өсті. 2018 жылдың қазан айында бензин бағасы үш мұнай өңдеу зауытының толық жұмыс істеу аясында төмендеуді жалғастырды. Бұдан басқа, 2018 жылдың қазан айында нарықтағы көмірдің жоғары ұсынысына байланысты 2011 жылдан бері қатты отын бағасының ең төмен айлық өсуі байқалды.

Ақылы қызмет көрсету саласында бағалар 0,2% -ға өсті, қызмет көрсету инфляцияның баяулауына негізгі үлес денсаулық сақтау, жылу және электр қуатын беру бағаларының төмендеуі қосты. Электр энергия бағасының өсуі 2011 жылдан бері ең үлкен айлық төмендеуін көрсетті.


Жылдық инфляция 2018 жылғы қыркүйекте 5,3% құрады. Жылдық инфляцияның төмендеуі бензин мен жеміс-көкөніс өнімдері нарығындағы жоғары ұсыныспен, сондай-ақ өткен жылдың жоғары негізімен байланысты. 2018 жылдың қазан айында жеміс, көкөніс, бензин және көмір бағасының өсуін есептемегенде жыл сайынғы базалық инфляция 6,3% -ды құрады.

Қазан айында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша халықтың **инфляциялық күтулері** сәл төмендеді, бірақ әлі де жоғары деңгейде сақталуда. Алдағы жылға күтілетін инфляцияның болжамы 6,3% -ды құрады.

Кәсіпорындардың сауалнамасына сәйкес респонденттердің 73,9% -ы 2018 жылдың төртінші тоқсанында бағаның ағымдағы қарқынмен өсетініне сенеді. 2018 жылдың төртінші тоқсанында бағалардың өсуін күткен кәсіпорындардың үлесі біршама өсіп, ал бағаның төмендеуін күткен кәсіпорындар саны азайғанын атап өткен жөн.


Ұлттық Банктің болжамдарына сәйкес 2018 жылы жылдық инфляция 5-7% мақсатты дәлізде қалады.

1-график. Тұтынушылық бағалары индексі, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

2-график. Халықтың инфляциялық күтулері, ж/ж



3-график. ҚР экономикасының нақты секторы кәсіпорындарының инфляциялық күтулері, %



ҚР ҰБ деректері бойынша



II. ІШКІ ЖАЛПЫ ӨНІМ

(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)

ҚР ҰЭМ СК алдын ала деректері бойынша **туынды ІЖӨ көлемі** 2018 жылғы қаңтар-қыркүйек айлары бойынша нақты көрсеткіші 4,1%-ға ұлғайып 39,9 трлн. теңгені құрады.


2018 жылдың қаңтар-қыркүйек айлары бойынша ІЖӨ-нің өсуі экономиканың барлық секторларында оң динамикамен қамтамасыз етілді. ІЖӨ өсуіне негізгі үлесті тау-кен өнеркәсіп көлемінің (4,9%-ға), өңдеуші өнеркәсіп (5,1%-ға), көтерме және бөлшек сауда (6,7%-ға), көлік және қоймаға жинау (4,6%-ға), жылжымайтын мүлікпен операциялар (2,3%-ға) көлемінің ұлғаюы болды.

ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісі бойынша 2018 жылғы бірінші жарты жылдық бойынша **4,2%-ға** өсті.

ЖІӨ-нің өсуіне негізгі үлес таза экспорт пен жалпы капиталдың қалыптасуы есебінен болды, бұл әлемдік тауар нарықтарындағы баға жағдайының жақсаруына және негізгі капиталдың жинақталуына байланысты.


Үй шаруашылық шығыстарының өсуі тұтынушылық несиелердің өсуіне, сондай-ақ инфляциялық процестердің баяулауына байланысты болды.

4-график. Өндіріс әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС, ҚР ҰБ деректері бойынша

5-график. Түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС, ҚР ҰБ деректері бойынша

III. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОР

2018 жылғы қаңтар-қазанда қысқа мерзімді экономикалық индикатор* бұрынғы деңгейде қалып, 104,8% құрады.

Өсу қарқынына ең көп үлес өңдеу өнеркәсібі және көтерме саудасы қосты, атап өтілген салаларда әлемдік мұнай бағасының оң динамикасы аясында өндіріс көлемінің артуы байқалды. Көлік пен ауыл шаруашылығында оң динамикасы, сондай-ақ жоғары инвестициялық белсенділік көрсеткіштің өсуіне қосымша қолдау көрсетті. Сонымен қатар, құрылыс, байланыс және бөлшек саудадағы өсу қарқынының баяулауы көрсеткіштің одан әрі өсуіне кері әсерін тигізді.

Еңбек нарықта нақты жалақының өсуі және жұмыспен қамтылған халықтың өсу қарқынының біршама жеделдетуі байқалды.

6-график. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор




— жылдың басынан бастап тиісті кезеңге дейінгі, %-пен

* - экономиканы дамыту үрдістерін сипаттайды және базалық салалар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс бойынша шығару индекстерінің өзгеруіне негізделеді. ІЖӨ көлеміндегі осы салалардың үлесі 63-64%-ды құрайды.



7-график. ҚР өңірлері бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор, ж/ж %-бен



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

Аймақтық деңгейі бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатордың максималды мәні (ҚЭИ) Шымкент қаласында байқалды. Бұл өсім Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғырту мен қайта құру жұмыстарының аяқталуымен байланысты. Осылайша, қаңтар-қазан айларында Шымкенттегі құрылыс индустриясы 2,6 есе өсті. Бұдан басқа, қаланың басқа секторларында оң өсу қарқыны байқалды: сауда, көлік, өнеркәсіп, коммуникация және ауыл шаруашылығы.

ҚЭИ-ң төмендеуі Астана қаласында, Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарында тіркелді. Астанадағы ҚЭИ-ң төмендеуі сауда, құрылыс және ауыл шаруашылығындағы төмендеуімен түсіндіріледі.

Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарында ҚЭИ-ң төмендеуі негізінен өндірістің, атап айтқанда, шикі мұнай және газ конденсатын өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты.


IV. ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ШОЛУ

2018 жылдың қаңтар-қазан айларында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 4,7% -ға артты. Республиканың 13 өңірінде өсім байқалды.

Тау-кен өнеркәсібіндегі өсім 4,6%-ды құрды. Тау-кен өнеркәсібінің өсуіне оң үлесін кен орындарында шикі мұнайды (4,8%-ға) және табиғи газды (4,9%), сондай-ақ металл кендерін (4,6%) және темір рудасын (8,1%), түсті металдарды (3,8%) өндіру оң үлесін тигізді.

Өңдеу өнеркәсібінде оң үрдіс байқалды, саланың өсуі 5,4% құрды. Өсуіне металлургия өнеркәсібі (өсім 4,6%-ға), азық-түлік өндірісі (2,8%), машина жасау (14,2%) және кокс және мұнай өнімдерін (8,7%) өндіруі әсерін тигізді. Тежегіш әсерін өзге металл емес минералдық өнімдерді өндіру (-1,7%) көрсетеді.

1-сурет. ҚР өңірлері бөлігіндегі өнеркәсіптік өндіріс индексі, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

Елдің негізгі өнеркәсіптік өндірістің (мұнай және газ конденсатын өндіру) артуы аясында және оң баға динамикасы аясында **көліктің барлық түрлері бойынша жүк айналымы** динамикасы 8,6% артты. Өнеркәсіптің өсуіне оң әсерін теміржол, автомобиль және мұнай құбырлары (мұнай және газ) көліктерінің қызметтері қамтамасыз етті.

Құрылыс саласы қыркүйек айында қарқынды өсіп, қазан айында өсім қарқыны 4,1%-ға дейін баяулады. Құрылыс жұмыстарының ең үлкен көлемі елдің көліктік-логистикалық инфрақұрылымын дамыту (автомобиль жолдарын, жолдарды, теміржолдарды, көпірлер мен тоннельдерді салу) бойынша жүргізілді. Бұдан басқа, өндірістік объектілер мен инженерлік құрылыстарды салу және жөндеу бойынша жұмыстардың айтарлықтай көлемі жүргізілді. Құрылыс жұмыстарының максималды өсуі Шымкент қаласында байқалды (2,6 есе өсті). Төмендеу Астана, Жамбыл және Ақмола облыстарында байқалады.

Ауыл шаруашылығында өндіріс көлемінің ұлғаюы 2,5% өсті. Өнеркәсіптің өсуіне мал шаруашылығы оң үлесін қосты, бұл малдың және құстың тірі салмақта сойылу және де сиыр сүті мен тауық жұмыртқасының көлемінің ұлғаюуына байланысты. Бұдан басқа, өсімдік шаруашылығы да өсуге оң үлес қосты.

Нақты ақшалай табыстың өсуіне және тұтынушылық сұраныстың артуына байланысты **тауарлар мен қызметтердің көлемінің** артуы 7,2%-ға өсті. Осылайша, бөлшек тауар айналымының өсуі 6,5%-ға, көтерме сауда айналымы 7,5%-ға өсті.

Байланыс саласы 2018 жылдың қаңтар-қазан айларында 3,4%-ға бәсеңдетуді жалғастырды. Интернет қызметтері, сондай-ақ телекоммуникация қызметтері байланыс саласында ең танымал түрлері болып қала береді.



V. НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2018 жылдың қаңтар-қазанда негізгі капиталға салынған инвестициялар 20,8% -ға өсті.

Инвестициялық салымдардың едәуір үлесі мұнай-газ секторында (42,0%), сондай-ақ жылжымайтын мүлік операцияларында (13,0%) және көлік және қоймалау саласында (12,6%) байқалады.


Өңірлік тұрғыда инвестициялардың ең көп көлемі Атырау облысына (35,5%), Астана қаласына (8,9%), Алматы қаласына (6,6%) және Шымкент қаласына (6,1%) бағытталған. Инвестициялық белсенділіктің төмен көрсеткіштері Солтүстік Қазақстан (1,7%), Жамбыл және Қостанай (2,2%-дан), сондай-ақ Қызылорда (2,3%) және Түркістан (2,5%) облыстарында сақталады.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың 48,7%-дан астамы шикізаттық емес секторға бағытталды (бюджеттік инвестицияларды қоспағанда).

Инвестициялардың жалпы көлемінде ішкі инвестициялардың үлесі 70,5%, ал сыртқы инвестициялардікі 29,5% құрады.


Инвестицияның негізгі көздері кәсіпорындардың меншікті қаражаты болып қала береді.

8-график. Салалар тұрғысынан негізгі капиталға инвестициялар, ж/ж



ҰЭМ СК деректері бойынша

9-график. Негізгі капиталға қаржыландыру көздері бойынша инвестициялар




ҰЭМ СК деректері бойынша

Мәлімет үшін:

2018 жылдың 3-тоқсанында Ұлттық Банк жүргізген экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындардың сауалнамасына сәйкес, ағымдағы және/немесе негізгі құралдарды қаржыландыруды шектейтін негізгі факторлардың арасында респонденттер қаржы ресурстарының жетіспеушілігін, басқа кәсіпорындардың нарықтық бәсекелестігін, өнімге сұраныстың жеткіліксіздігін мен табыстардың жеткіліксіздігін атап өтті (9-график).

жауаптар %-бен

10-график. Кәсіпорындарды қаржыландыруды жүзеге асыруды шектейтін негізгі факторлар



ҚР ҰБ деректері бойынша



VI. Сыртқы сауда айналымы

2018 жылдың қаңтар-қыркүйек бойынша сыртқы сауда айналымы 21,9%-ға (экспорт 28,4%-ға, импорт 11,3%-ға өсті) ұлғайды. Экспорттың құрылымында бұрынғыдай барынша көп 70% - дан астам үлесі минералды өнімдерге тиесілі, олардың экспорты 41,8%-ға өсті. Экспорттың өсуі әлемдік тауар нарықтарындағы шикізат бағасының көтерілуіне, сондай-ақ Қашағанда шикі мұнайды өндірудің өсуіне байланысты болды. Жануарлар мен өсімдік өнімдерін экспорттау саласында айтарлықтай өсуі (28,7%-ға) байқалды. Экспорт құрылымында тоқыма бұйымдарының (8% -ға), химия өнеркәсібінің өнімінің (5,3% -ға) және аяқ киімнің (35% -ға) төмендеуі байқалды.

ЕО елдері (үлесі 53%), Қытай (үлесі 9,5%), ТМД елдері (үлесі 15,3%) экспорттың негізгі бағыты болып табылады, олардың ішінде кеден одағы елдерінің үлесі 9,8%.

2018 жылы қаңтар-қыркүйек айлары импорты бойынша өсім негізгі тауар топтары бойынша байқалды. Ішкі тұтыну өсуінің аясында импорттың өсуіне ең үлкен үлесін машина, жабдық, құралдар мен құрылғылар (өсу 20,9%), металдар мен олардан жасалған бұйымдар (өсу 13,7%), жануарлар мен өсімдік тектес өнімдер (өсу 6,1%), химия өнеркәсібінің өнімі (өсу 6,8%), сондай-ақ отын-энергетика ресурстары (өсу 3,1%) құрады. Өзге де тауарлар тобы бойынша және былғары шикізатымен аң терісі импорты төмендеді.


Тауарлардың негізгі импорты кеден одағының елдеріне (үлесі 45,4%), ЕО елдеріне (үлесі 21,2%) және Қытайға (үлесі 16,8%) тиесілі.



ҰЭМ СК деректері бойынша

VII. ТМД елдеріндегі ІЖӨ

12-график. ТМД елдеріндегі ІЖӨ



2018 жылғы 2-тоқсанның қорытындылары бойынша елеулі экономикалық өсім Тәжікстанда және Арменияда болды.

ТМД-ның кейбір елдерінде 2018 жылғы 2-тоқсанда 1-тоқсанмен салыстырғанда ІЖӨ-нің өсімі аздап баяулады (Армения, Әзірбайжан және Қырғызстан). Экономикалық өсімнің қарқыны үдегені Молдовада тіркелді. 2018 жылғы 2-тоқсанында Арменияның жоғары экономикалық өсуі қызметтердің, өнеркәсіптің және сауданың өсуімен байланысты, ал Тәжікстанда - саудада және өнеркәсіпте.




VIII. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық (өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2018 жылдың 3-тоқсанында жұмыспен қамтылған халықтың саны 1,8%-ға өсіп қыркүйек соңында 8727,9 мың адамды құрады (экономикалық белсенді халықтың 95% Экономиканың салалары бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың саны көтерме және бөлшек саудада 6,7%-ға өсті. Сондай-ақ өнеркәсіптік сектордың тұрақты өсуі аясында өңдеу өнеркәсібінде 4,5%-ға және көлік және қоймалауда 4%-ға өсуі байқалды. Жұмыспен қамтудың төмендеуі тау-кен өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында және құрылыс саласында байқалды.

Өңірлер бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың негізгі ұлғаюы Манғыстау облысында (11,2%-ға өсті), Алматы (2,5%-ға) және Астана (4,1%-ға) қалаларында байқалды.

2018 жылы тамызда жұмыссыздық деңгейі 4,8% болды (2014-2017 жылдар аралығында жұмыссыздық деңгейі орташа алғанда 5% болды). Жұмыспен қамту органдарында 142,3 мың адам жұмыссыздар қатарында ресми тіркелген (жұмыс күшінен 1,6%).




ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

15-график. Бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны бойынша жұмыспен қамтылған халық, %-дық үлесі



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

2018 жылдың үшінші тоқсанында бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны 35 сағат және одан аз құрайтын жұмыспен қамтылған халықтың үлесі 2 тоқсанға қарағанда аздап төмендеді. 2018 жылғы үшінші тоқсанында аталған қызметкерлердің үлесі жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 6,4%-ын құрады.

Сонымен қатар, бір аптада 41 сағаттан астам жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі 2015 жылғы бірінші тоқсандағы аздаған өсуден кейін, салыстырмалы түрде төмендеу деңгейде – 21,1%-бен сақталуда.

Бір аптада 36 сағаттан бастап 40 сағатқа дейін нақты жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі басым болып қалуда. 2018 жылғы үшінші тоқсанында үлесі 70,7% болды.



IX. Жалақы және еңбек өнімділігі

(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2018 жылы қыркүйек айында бір қызметкердің орташа айлық номиналдық жалақысы 5,5%-ға ұлғайып, 158,2 мың теңгені құрады.

Халықтың жан басына шаққандағы ақшалай табыстары 2018 жылдың қыркүйегінде 2,4% -ға өсті.


2018 жылғы 3-тоқсанда нақты жалақы 3,1%-ға өсті (жыл басынан 2,4%-ға өсті).

Салалар бөлігінде 2018 жылғы 3-тоқсанда өсім әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласында (16,2%-ға), құрылыста (5%-ға), тау-кен өндірісінде (6,3%-ға), өңдеу өндірісінде (5%-ға) тіркелді. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерде (2,8%-ға), жылжымайтын мүлікпен операцияларда (1,8%-ға), ауыл шаруашылығында (3,8%-ға) төмендеу байқалды.


2018 жылғы 3-тоқсанда өңірлер бөлігінде номиналдық жалақының ең жоғарғы мәні Атуырау облысында (310,6 мың теңге), ең төменгі мәні – Түркістан облысында (98,8 мың теңге) тіркелді.

2018 жылғы бірінші жартыжылдығында экономикадағы еңбек өнімділігі 3,6%-ға өсті. Салалар бөлігінде ең көп өсім құрылыста (9,3%-ға), өнеркәсіпте (4,3%-ға өсті), көлікте (3,1%-ға) және қаржы және сақтандыру саласында (10,6%-ға) байқалды.


Экономиканың барлық негізгі салаларында еңбек өнімділігінің өсімі нақты жалақының өсу қарқынынан астанының атап өткен жөн (саудадан және ауыл шаруашылығынан басқа).



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша